



Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) Бас хатшысының алғашқы Ферғани жер серігінің ғарышқа ұшырылуына орай құттықтау сөзі.

Түркі мемлекеттері ұйымының (ТМҰ) Бас хатшысы ретінде Ферғани ғарыш FGN-100-d1 жерсерігінің алғаш рет ғарышқа ұшырылуымен құттықтаймын!

«Вакар» компаниясының басқарма төрағасы Селжук Байрактардың басшылығымен қол жеткізілген бұл жетістік Түркі әлемінің табандылығының айқын көрінісі.

Байрактар мырзаның Бұхарада ТМҰ-ның ұйытқысымен өткен Жастар платформасы жиынында Түркі әлемінің жастарымен бөліскен жобаның жүзеге асуымен құттықтаймын! Тамыры тереңге созылған бұл жобаның жүзеге асуы бүкіл Түркі әлемінің ортақ мақтанышы!

Бұл жоба Ферғани мен Ұлықбек сияқты түркі ғұламалардың мұрасын еске ала отырып, ортақ ғылыми мұрамызды жандандырып, келешек ұрпаққа серпін беретін Түркі әлемінің ғарыштық зерттеулер саласындағы тың бастама. Сондай-ақ бұл жетістік Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер арасындағы ғарыш технологиялары саласындағы ынтымақтастықтың жарқын үлгісі.

ТМҰ Хатшылығы саладағы ынтымақтастықты ілгерілетудегі бастамаларын қолдайды. Ғарыш зерттеулері саласындағы бірлескен жобаларымызды нығайту мақсатында сараптама, тәжірибе және техникалық білім алмасуға арналған ортақ алаң қалыптастыруды жоспарлаудамыз.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, бұл жобаға атсалысқан мамандарды құттықтап, Түркі әлемінің бұдан да үлкен жетістіктерге жетуін тілейміз!

Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы

Кубанычбек Омуралиев